



## ТАРИХ, ГЕОГРАФИЯ ♦ ИСТОРИЯ, ГЕОГРАФИЯ

УДК 947.084.61.(574)

Тапалов Д.

**ЕСІМ ХАН ҚАЗАҚ  
ХАНДЫҒЫН ҚАЙ ЖЫЛДАРЫ  
БАСҚАРҒАН ?**

*В статье рассматривается время  
правления Есим хана Казахским  
ханством .*

*The years of ruling of Esymkhan over  
Kazakh khanate is considered in this  
article.*

Қазақ хандығының Қасым хан дәуірінен кейінгі қайта күшейуі XVI ғ. екінші жартысында оның билігіне Қасымның кіші ұлы Хақназардың келуімен байланысты болғаны мамандарға белгілі. Ол кенеттен қайтыс болғаннан кейін, қарт сұлтан, Хақназардың немере туысы Шығайдың билік тізгінін өз қолына алуы Қазақ хандығында толықтай болмаса да біршама ішара саяси дағдарысқа жол ашқанын байқаймыз. Оның жігерлі де, ақылды әрі қайсар ұлы Тәуекелді ертіп [1] Бұхара ханы Абдоллаға барып, одақтастықты ұсынып, Ташкент уаллайатының басшысы бүлікшіл Баба сұлтанға қарсы жорыққа шақыруынан осы жағдайды аңғарамыз.

1582 ж. Шығай хан қайтыс болып, оны тағы енді баласы Тәуекелге өтті [2]. Тәуекел хан билікке келісімен стратегиялық маңызды аймақ Сыр бойы үшін Абдолла ханмен ұзаққа созылған табанды күресін бастап, ақыры сол күресте ірі жеңістерге жеткені және осы күрестің финалында өзі де опат болғаны мәлім. Тағы бір назар аударатын жайт, ол Қазақ хандығының тарихындағы билік алмасуының жаңа ерекшелігін де бастаған тұлға. Себебі Шығай ханға дейін Керей ханнан бастап билік ағадан ініге, немесе немере туыс бауырға өтіп отырды. Шығайдан баласы Тәуекелге өтуі бұрынғы дәстүрді бұзуымен жаңа өзгерістерге жол ашты. Тәуекелдің Бұхара хандығын жаулап алу кезінде кенеттен қайтыс болуына байланысты билік оның інісі Есімге өтіп, бұрынғы тәртіп қайта орнағандай болғанымен ендігі жерде биліктің атадан балаға мұра болуының түпкілікті қалыптасуы бұрынғы, хандықтың негізін нығайтуға ізгілік тұрғысынан зор маңызы бар қасиетті дәстүрдің бұзылуына алып келіп, Қазақ хандығының моральдық тұрғыдан кері тартпа жолға түсуіне негіз болған жағдайдың біріне жол ашты.

Барлық дерек көздері, оның ішінде сол дәуірге қатысты жазба деректер және шығыстанушылар еңбектері [3] бір ауыздан 1598 жылы Тәуекел хан Қазақ хандығының алдында тұрған саяси-әскери және экономикалық маңызы зор стратегиялық міндет Сыр өңірі, орталығы Байтақ шаһар Ташкент қаласы бастаған қасиетті Оңтүстік аймағын Қазақ хандығына түпкілікті қосып алуды жүзеге асырды деп көрсетеді. Бұл жағдай оның орнына билікке келген, ел арасында сол кездің өзінде зор беделге ие болған Есім ханға өз астанасын Түркістан қаласына көшіруге мүмкіндік жасады.

Сонымен сол дәуір шығармалары авторлары Шах Махмуд Ибн Фазил Чурастың «Хроника-



сында», Махмуд ибн Валидін «Бахр ал-асрар» және тағы басқа бірқатар еңбектерде бірауыздан Есімханның билікке келгені 1598 жыл екенін нақты көрсетеді. Бұл дерек дау тудырмайды, керісінше Есім ханның биліктен қай уақытта кеткені туралы нақты көзқарас жоқ. Бір қызығы, бұл жағдай Есім ханның өзімен ғана шектелмей одан әрі Әбілмәмбет ханға әсіресе Жәңгір және Тәуке хандардың билікке келген және кеткен жылдары туралы көптеген ақтандақтарға жол ашып, шатасуларға негіз жасаған. Мысалы белгілі шығыстанушылар, оның ішінде Қазақ тарихы туралы ұзақ жылдар бойы еңбектеніп келе жатқан С.Г. Кляшторный мен Т.И. Султанов «Казахстан летопись трех тысячелетий» деп аталынылатын көлемді ғылыми-зерттеу еңбектерінде [4] «Однако Ишим хан ненадолго пережил своего соперника: согласно известиям Махмуда ибн Вали, современника хана, он умер естественной смертью в самом начале 1038 г. Хиджри ( сентябрь – октябрь 1628 г.) ». Бұдан бөлек қаншама жекелеген авторлар шығарған Қазақстан тарихы бойынша оқулықтарда көбісі осы датаны негіз етіп алып, бір ауыздан Есімханның қайтыс болған жылы ретінде ұсынады. Ол аздай «Махмуд ибн Уәлидің хабарларына қарағанда, Есім хан 1628 жылы өлген, Есім хан 1643 жылға дейін билік етті деген басқа мәліметтер де бар» деп көрсетеді Қазақстан тарихының 2010 жылы Алматы «Атамұра» баспасынан шыққан ең соңғы нұсқасының екінші томында [5]. Бұл дерек 1979 ж. шыққан Қазақ ССР тарихының орысша нұсқасында «В 1627 г. вражда двух ханов окончилась гибелью Турсун-Мухаммада от руки Есим хана, однако хан Есим ненадолго пережил своего соперника. Согласно известиям Махмуда ибн Вали, он умер в 1628 году» - деп тұжырымдалған [6].

Бұл жағдай соңғы шыққан академиялық еңбекте мәселе түбегейлі шешіліп, тарихи дәлдік орнына «келе ме?» деген үмітімізге тағы да тосқауыл қойып, осы оқулықты жазған азулары алты қарыс ірі ғалымдарымыздың бұл мәселеге көп басын ауыртпастан айналып өте шыққанын аңғартады. 2007 ж. ҚР мәдениет және ақпарат Министрлігінің бағдарламасы бойынша шыққан «Государства великой степи» деп аталған тағы бір жаңа еңбекте «в кровопролитном сражении, состоявшемся в 1628 году в окрестностях Ташкента, погиб хан Турсун ... После смерти хана Есима Казахское ханство стало ослабевать... На месте Есима к власти пришел хан Жангир (Салкам Жангир)» [7] делінген. Яғни, біз іздеп отырған сұрақ тағы жауапсыз қалып отыр.

«Үмітсіз шайтан» деп дана халқымыз айтқандай күдерімізді үзбестен, жалпы зерттеушілер мен тарихшыларға мәлім деректерге көз жүгіртіп зер салып көруге талпынсақ, біраз нәрсені аңғаруға, жаңаша пайымдар жасауға мүмкіндіктер бар секілді. Біріншіден, көңіл аударатын мәселе Есім ханның өзімен бақталас болған Тұрсын ханның көзін жойып өз билігін түбегейлі орнықтырғаны айдан – анық. Оны мына төмендегі деректің көптеген шығармаларда қайталануы дәлелдейді. «Отношения двух казахских ханов между тем постепенно обострялись и доходили до военных столкновений о чем свидетельствует «Запись в Тобольской приказной избе», датируемая августом 1625г. «А зимовал де Талай-тайша з детьми да сними Байбагаш- тайша, боясь от мугальских людей утеснения, в Казачьей Орде на рубеже, и хотели воевать Казачьей Орды Ишим-царя (Есим хана-ред.), потому что Ишим-царь бухарскому Турсун царью брат, и была меж ним война. Да не пошли, потому что меж Турсуном и Ишимом учинился мир. ..В1627 г. вражда двух ханов окончилась гибелью Турсун – Мухаммада от руки Есим хана, однако хан Есим ненадолго пережил своего соперника. Согласно известиям Махмуда ибн Вали, он умер в 1628 г.ц » [8]. Әбілғазы Баһадур ханның «Түрік шежіресінде» «...у Турсун хана я провел два года. Года через два Ишим хан умертвил Турсун – хана и перебил его катаганов» [9] деп көрсетіп отыр.

Екіншіден, осыдан кейінде Есімнің әлі ұзақ уақыт бойы тірі болғанын көптеген деректер дәлелдейді. А.И. Левшин еңбегінде мына төмендегі жайға назар аударылған - «Казахского джунгарское отношения особенно обострились в правление Хунтайджи батура (1634-1654), в источниках упоминается о военных действиях между ним и казахским султаном Джангирам в 1635г» [10].

Және бір хабарда «Черные колмаки тайши, Талай-тайши, да Контайша, да Кужи тайша, Тоургача тайша совсеми черноми колмаками сее зимы ходили на Казачью Орду, а Казачьи Орды люди пошли было на черных колмаков и как сошлись Казачьи Орды с людьми, и был де у них бой великий где черные колмаки. И черные-де колмаки Казачьи Орды людей побили и взяли у них царевича Янгира Ишимова сына, а Ишим в Казачьей Орде был, царь и тот де царевич в черных Колмаках» [11] - деген мәлімет берілген және бұл оқиға 1635 жылы болғанына назар аударылған.

Жәңгірдің хан тағына кем дегенде 1643-1644 жж. дейін отырмағанын 1644 ж. Сибирь приказының материалдарында сақталған Батур контайшының елшілерінің 1643 жылғы Жоңғар мемлекетінің



Қазақтарға жасаған жорық барысында жеңіліске ұшырағаны туралы хабар жеткізген қалмақ елшілерінің хабарында Жәңгірді «царевич», яғни ханзада [12] деп айтуы растай түседі

Осындай дерек көздері халқымыз «Еңсегей бойлы ер Есім» деп дәріптеген қасиетті ханымыз Есімнің шамасы 1644-1645 жж. кезеңінде бұл дүниеден баз кешіп, мәңгі өмір есігін ашқанын көрсетіп тұрса керек.

Егер біз Есім хан хронологиясын дәл осылай қабылдап, оның билігі 1598-1645 жж. болды деп есептесек, онда бұдан кейінгі шатасулар да тоқтап, Жәңгір 1645-1680, ал Тіуке 1680-1717 жылдар басқарғаны туралы тұжырымдар көңілге сенім ұялатар еді.

#### *Әдебиеттер:*

1. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан летопись трех тысячелетий. - А., 1992, с. 293.
2. Қазақстан тарихы. - А., 2010, II-т., 411 - б.
3. Шах Махмуд Ибн Фазил Чурас. Хроника М., 1976, с. 267; Бартольд В.В. Киргизы. Соч., - М., 1963, т. 2, ч. I, с. 516.
4. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан летопись трех тысячелетий. - А., 1992, с. 303.
5. Қазақстан тарихы. А., 2010, II-т., 428 - б.
6. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней, II том, А.-1979, с. 285-286.
7. Государства великой степи, А., 2007, с. 194.
8. Материалы по истории русско-монгольских отношений. 1607-1636 гг. Сборник документов. - М., 1959, с. 103-113.
9. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан летопись трех тысячелетий. - А., 1992, с. 301.
10. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Ч. 2. – СПб., 1932, с. 58-60.
11. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней, II том, - А., 1979, с. 288.
12. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней, II том, - А., 1979, с. 289.